

Жанәділ А.О.¹ *

магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aidana.zhanadill@gmail.com

Ракаева А.Н.¹

э.ф.к., қауымдастырылған профессоры
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: rakaeva@yandex.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ МАҚСАТЫНА САЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫНА СӘЙКЕСТІК АУДИТІН ЖҮРГІЗУ

Аңдатпа: Ең озық әлемдік тәжірибе негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру шеңберінде республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне (бұдан әрі – Есеп комитеті) қолданыстағы функцияларды сақтай отырып және оларды кейіннен күшейте отырып, сыртқы мемлекеттік аудит органдарының функциялары берілді [1]. Қазіргі уақытта ол мемлекеттік аудиттің әдіснамалық негізін қалыптастыратын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірледі. Нарықтық экономикасы дамыған елдердегі әл-ауқат қорларының басқару тиімділігін оларды пайдалануда шығыстардың нәтижелілігін арттыруға қаржылық бақылау мен аудит жүргізу арқылы қол жеткізуде. Еліміздің экономикалық жүйесінде Ұлттық қордың үлкен орны бар, себебі Ұлттық қор бюджет жүйесінің бір бөлігі болып саналады. Сондықтан, Ұлттық қор қаражатының қалыптастырылуы мен пайдаланылуына сәйкестік аудитін жүргізудің теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу қажеттілігі өте өзекті болып табылады. Алайда бүгінгі күні елімізде Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану аудитін жүргізудің арнайы әдіснамалық базасы қалыптастырылмаған.

Халықаралық және отандық қолданыстағы заңнамаларды талдау негізінде авторлар Ұлттық қордың пайдалануы бойынша бөлінетін нысаналы трансферттер мен басқа да шығындардың пайдалануына аудит жүргізу бойынша өз тұжырымдарын жасайды. Сондай-ақ, Ұлттық қордың қазіргі жәй-күйін баяндай отырып деректерге анализ жасап, өзгеру себептерін атап өткен.

Түйін сөздер: Ұлттық қор, мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, трансферттер, сәйкестік аудит.

■ Кіріспе

Көптеген экономикалық дамыған және дамушы елдерде егеменді әл-ауқат қорлары құрылған. Ал әлемдегі ең алғашқы Егеменді әл-ауқат қорлары ХІХ ғасырдың ортасында бірнеше елде құрылған болатын. Оларды құрудың мақсаты экономиканың құлдырау кезеңінде бюджет шығыстарын қолдау және пайдалы қазбалар таусылғаннан кейінгі келер жас ұрпақты қамтамасыз ету болды [2, 3].

Еліміздің Ұлттық қоры тұрақты әлеуметтік-экономиканы дамытуға және экономиканың сыртқы қолайсыз факторларына тәуелділігін төмендету мақсатында, Елбасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы» 2000 жылғы 23 тамыздағы № 402 жарлығына сәйкес құрылды. Ал, 2005 жылы қор активтерін басқару қағидаттары мен тәсілдері, сонымен бірге оның қаражаттарының қалыптастырудың және пайдаланудың алғашқы орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы айқындалған болатын. Қазіргі таңда Ұлттық қор қаражаттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шоғырландырылған қаржы активтері мен табиғи ресурстарды экспорттаудан түсетін түсімдермен жыл сайын толығып отыр.

Ұлттық қор жинақтау және тұрақтандыру функцияларын жүзеге асыруы арқылы экономиканы дамытуға және экономиканың сыртқы қолайсыз факторларына тәуелділігін

төмендетеді. Сонымен бірге, болашақта Ұлттық қор қаражаттарын қалыптастыру мен пайдаланудың мемлекеттік аудитін қор қызметінің алдына қойылатын мақсаттары мен міндеттерін назарға ала отырып, аудит жүргізуді жетілдіру және аудит жүргізу барысында пайда болатын мәселелерді шешу арқылы жетілдіре аламыз [4].

■ **Мақсаты**

Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдаланудың мемлекеттік сәйкестік аудитін жүргізуді зерделеу және жетілдіру жолдарын қарастыру.

■ **Зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу барысында талдау және синтез, индукция және дедукция, ғылыми абстракция сияқты жалпы ғылыми әдістермен қатар экономикалық-статистикалық арнайы әдістер қолданылды.


■ **Ғылыми әдебиетке шолу**

Ұлттық қор және мемлекеттік сәйкестілік аудиті жөніндегі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері, электрондық кітапханалар болып табылады.

■ **Негізгі бөлім**


Еліміздің Ұлттық қор қаражаттарын қалыптастыру мен пайдалану жалпы бірнеше принциптерге негізделеді, осы принциптерді атап айтатын болсақ: *транспаренттілік, есептілік, толықтық, уақытылық, тиімділікті* орындай отырып қордың қалыптасуының дұрыс есептілігі мен оны пайдаланудың тиімділігіне қол жеткізіледі.

Бюджет жүйесіндегі Ұлттық қор қаражаттарын қалыптастырудың бірнеше көздерін атап өтуімізге болады (1-сурет).



1-сурет. Ұлттық қор қаражаттарын қалыптастыру көздері
Ескерту: мәліметтер негізінде автормен құрылған [5]

Ал, Республиканың экономикасына жыл сайынғы бөлінетін трансферттер арқылы Ұлттық қордың қаражаты пайдаланылуда (2-сурет)



2-сурет. Ұлттық қорды пайдалану

Ескерту: мәліметтер негізінде автормен құрылған [5]

Осы функциялар негізінде Ұлттық қордың қазіргі жағдайына шолу жүргізер болсақ, Ұлттық қордың құрылған кезінен бері (2000 - 2021 жылдар) барлығы:

1. 62,4 трлн. теңге жинақталған, соның ішінде:

- ▶ 36,6 трлн. теңге (58,7%) түсімдер, оның ішінде 98,9%-ы – мұнай секторындағы ұйымдардан түсетін тікелей салықтар (36,2 трлн. теңге);

- ▶ 25,5 трлн. теңге (40,8%) валюта бағамын түзетуді (19,8 трлн. теңге) ескергендегі, басқарудан түскен инвестициялық кіріс;

- ▶ 0,3 трлн. теңге (0,5%) өзге де түсімдер.

2. Пайдаланылғаны (кепілдендірілген және нысаналы трансферттер, Ұлттық қорды басқаруға арналған шығыстар) 34,4 трлн. теңге, соның ішінде:

- ▶ 34,3 трлн. теңге (99,7%) трансферттер;

- ▶ 0,1 трлн. теңге (0,3%) басқару шығындары;

3. 2021 жылдың соңындағы қалдық – 28 трлн. теңге.

Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №385 Жарлығы) Ұлттық қордың негізгі мақсаты 2018 - 2030 жылдар аралығындағы кезеңде төмендегі міндеттерді орындау арқылы болашақ ұрпаққа арналған жинақтарды қалыптастыру және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы жағдайға тәуелділігін төмендету арқылы қаржы ресурстарын жинақтау деп белгіленген:

- ▶ Ұлттық қор активтерін тұрақтандыру және оның одан әрі қысқаруына жол бермеу;

- ▶ бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету және бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету, мұнайлық емес тапшылықты азайту;

- ▶ Ұлттық қор активтерінің басқарылу тиімділігін арттыру;

- ▶ қойылған міндеттерді іске асыру мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- ▶ материалдық емес активтерді қоспағанда, қаржылық активтерді және өзге де мүлікті жинақтау және ұзақ мерзімді перспективада тәуекелдің қалыпты деңгейінде Ұлттық қор активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету арқылы жинақтау қызметі;

- ▶ Ұлттық қор активтерінің өтімділігінің жеткілікті деңгейін қолдау арқылы тұрақтандыру функциясы (Бюджет кодексінің 21-бабының 3-тармағы) [6].

Қазақстан Республикасының есеп комитетімен әзірленетін 2016 жылғы 31 наурыздағы №5 Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы нормативтік-қаулысында мемлекеттік сәйкестік аудиті 9 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалануы көрсетілген. Нормативтік-қаулыға сәйкес мемлекеттік сәйкестік аудиті – Ұлттық қордың негізгі функциялары жинақтау және тұрақтандыру функциясы бойынша бағалайды [7,8].

Мемлекеттік сәйкестік аудитін ұйымдастыру кезінде 2004 жылы сәуірдің 24-жұлдызындағы Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің жүргізілуі үшін қабылданған Бюджет кодексінің баптары, сонымен қатар, заңдар, Президенттің жарлықтары мен заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілері негізге алынады (1-кесте).

1-кесте. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуының сәйкестік аудитін жүргізу кезінде қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер

| Р/с | Атауы | Мазмұны |
|-----|---|---|
| 1 | ҚР Ұлттық қоры туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 23.08.2000 ж. №402 Жарлығы | Жарлықта қор активтері ҚР Ұлттық Банкіндегі ҚР Үкіметінің шотында шоғырландырылатындығы, қор активтерін басқаруды ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асыратындығы, қордың көлемі мен пайдаланылу бағыттарын ҚР Үкіметінің ұсынысы бойынша ҚР Президенті айқындайтындығы және қордың жыл сайынғы есептілігін ҚР Президентінің бекітуіне ұсынылатындығы айтылған [4]. |

| R/c | Атауы | Мазмұны |
|-----|--|--|
| 2 | ҚР Бюджет кодексі 04.12.2008 ж. №95-IV | Кодекстің 5-тарауында қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану көздері, қордан еліміздің республикалық бюджетіне аударылатын кепілдік берілген трансферттері мен қорды басқару жөніндегі кеңес жайында мәліметтер берілген [9]. |
| 3 | ҚР Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы 25.08.2006 ж. №65 Жарлығы | Қорымызды сенімгерлік басқару уақытында инвестициялық операцияларды жүзеге асырудың негізгі 3 мақсатын атап өткен: 1) еліміздің қорының активтерінің сақталуына; 2) қорымыздың активтерінің өтімділігінің жеткілікті мөлшерін ұстап тұруға; 3) бірсыдырғы тәуекел деңгейінде ұзақ мерзімді келешекте Қорымыздың активтерінің кірістілігінің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету [10]. |
| 4 | ҚР Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы 08.12.2016 ж. №385 Жарлығы | Жарлықта Ұлттық қордың қалыптасуы және оны пайдалану принциптері мен бюджеттің және еліміздің қорының теңгерімділігін қамтамасыз ету, сонымен бірге, Ұлттық қордың активін басқару мен борышты тұрақтандыру үшін Ұлттық қордың, үкіметтік қарыз алу мен квазимемлекеттік сектордың өзара қарым-қатынасы жағдайларын қамтиды [5]. |
| 5 | ҚР Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 08.06.2013 ж. №474 қаулысы | Қаулы Ұлттық қорға жыл сайынғы жүргізілетін сыртқы аудитті өткізетін аудиторлық ұйымдардың конкурсқа қатысу тәртібі, конкурстық комиссия өкілеттіктері, конкурстық құжаттама, жеңімпаз ұйымды айқындау тәртібін қарастырып өтеді [11]. |
| 6 | 200 сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартты Есеп комитетінің 25.12.2020 ж. №10-НҚ нормативтік қаулысы | Сәйкестік аудитінің өлшемшарттарын аудиттің өзекті тақырыбын айқындау, аудит жүргізу рәсімдері мен әдістерін, аудиторлық дәлелдемелер жинау және олардың әдістерін, сондай-ақ, оларды бағалауды және т.б. қарастырады [12]. |
| 7 | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Есеп комитетінің 30.07.2020 ж. №6-НҚ нормативтік қаулысы | Қаулы сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде мемлекеттік аудит өлшемшарттарын таңдау барысында оның типіне қарай таңдау керектігін, сонымен бірге, аудит кезеңдері ішінде аудит жоспары орындалатын тапсырма мен бағдарламалардың жасалуын, оған қоса аудиторлық есептің қалай жасалуы керектігін және т.б. қамтиды [8]. |

Ескерту: дереккөздер негізінде автормен құрылған [4, 5, 8, 9, 10, 11, 12]

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуының аудитін жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген және тағы басқа оған қосымша қазіргі таңдағы қолданыста бар нормативтік-құқықтық актілердің жүйелі түрде толықтырылып, өзгерістер енгізіліп отыратынын ескере отырып аудит жүргізетін болсақ, Ұлттық қордың қаражаттарын қалыптастыру мен пайдаланудың аудитін жүргізу барысында Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын сақталғандығына немесе бұзушылықтардың орын алғандығына айқын көз жеткізе аламыз.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті аудиторлық қызметті стандарттаудың жалпы қабылданған әлемдік практикасына сәйкес ИНТОСАИ

әзірлеген жоғарғы аудит органы (ISSAI) үшін мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарын ескере отырып, сыртқы мемлекеттік аудит стандарттарын әзірлейді (2 кесте).

Есеп комитетінің өкілеттіктерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттарын қалыптастыру мен пайдалануының сәйкестік аудитінің әдіс-төмесіне ISSAI 4000-4999 «Сәйкестілік аудитін жүргізу жөніндегі нұсқаулық» негізделеді, соның ішінде:

1) ISSAI 4100 сәйкестік аудитін қаржылық есептілік аудитінен бөлек қарастырады, мысалы, аудиттің жеке тапсырмасы ретінде немесе тиімділік аудитіне байланысты;

2) ISSAI 4200 сәйкестік аудитін қаржылық есептілік аудитімен бірге қарастырады.

2016 жылы ISSAI-дың 4000 – сәйкестік аудитінің жаңа стандарттары қабылданған болатын, сондай-ақ, оның ең оңтайлы ережелері еліміздің отандық стандарттарын әзірлеу кезінде қолданылады [13].

2-кесте. ИНТОСАИ-дың кәсіби құжаттар жүйесі


| I. ИНТОСАИ ПРИНЦИПТЕРІ (INTOSAI-P) | | | | |
|---|--|--|--|---|
| ИНТОСАИ-дың негізгі принциптері (INTOSAI-P 1-9) | | | | Лимдік декларация |
| ИНТОСАИ-дың түйінді принциптері (INTOSAI-P 10-99) | | | | Мексикалық декларация |
| II. ИНТОСАИ СТАНДАРТТАРЫ | | | | |
| Мемлекеттік сектор аудитінің негізгі принциптері (ISSAI 100-129) | | | | Құзыреттілік бойынша стандарттар (COMP) |
| ЖАО-ның ұйымдастырушылық талаптары (ISSAI 130-199) | | | | |
| Қаржылық есептілік аудиті (ISSAI 200-299 принциптері, ISSAI 2000-2899 стандарттары) | Тиімділік аудиті (ISSAI 300-399 принциптері, ISSAI 3000-3899 стандарттары) | Сәйкестік аудиті (ISSAI 400-499 принциптері, ISSAI 4000-4899 стандарттары) | Басқа да міндеттер (ISSAI 600-699 принциптері, ISSAI 6000-6499 стандарттары) | COMP 700-799 COMP 7000-7499 |
| III. ИНТОСАИ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ (GUID) | | | | |
| ЖАО-ның ұйымдастырушылық нұсқаулығы (GUID 1900-1999) | | | | Құзыреттілік бойынша басшылық (COMP) |
| Қаржылық есептілік аудиті бойынша қосымша нұсқаулық (GUID 2900-2999) | Тиімділік аудиті бойынша қосымша нұсқаулық (GUID 3900-3999) | Сәйкестік аудиті бойынша қосымша нұсқаулық (GUID 4900-4999) | Басқа да міндеттер бойынша нұсқаулық (GUID 6500-6999) | Құзыреттілік бойынша қосымша нұсқаулық (COMP 7500-7999) |
| Арнайы тақырыптық нұсқаулықтар (GUID 5000-5999) | | | | |
| Басқа да нұсқаулықтар (GUID 9000-9999) | | | | |
| <i>Ескерту: дереккөздер негізінде автормен құрылған [13 ИНТОСАИ САЙТ]</i> | | | | |

ISSAI 4100 бойынша аудит жүргізу 5 кезеңнен тұрады, бірақ Есеп комитетінің практикасы бойынша, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес және халықаралық жоғары аудит ұйымы ИНТОСАИ стандарттарының қолайлы ережелерінің негізінде әзірленгенін 200 сәйкестік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес жүргізіледі.

■ Ұлттық қордың жинақтау және тұрақтандыру функцияларының қамтамасыз етілуі

Ұлттық қордың жинақтау функциясын жүзеге асыру үшін тиісті жылдың соңындағы жалпы ішкі өнімнің болжамдық құнының белгілі бір мөлшерінде азайтылмайтын қалдық сақталады: 2014 жылға дейін 20% (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі №962 Жарлығы (2014 жылғы 11 сәуірдегі №794 өзгерістер енгізілгенге дейінгі редакцияда), бүгінгі күнге дейін 30%.

1-диаграмма. Ұлттық қордың 2001-2021 жылдары жинақтау функциясының қамтамасыз етілуі




Дереккөз: Қаржы министрлігі, Ұлттық статистика бюросы

2010-2021 жылдар аралығындағы кезеңде бекітілген шектеудің сақталуына қарамастан, ондағы жинақ ЖІӨ-нің 30% мөлшеріндегі азайтылмайтын қалдыққа барынша жақындады.

Жинақтау функциясын орындаудың тиімсіздігін Ұлттық қор активтерінің жинақталу серпінінен де байқауға болады. 2014 жылдың соңынан бастап Ұлттық қор активтерінің ең жоғары мәні 73,2 млрд АҚШ долларын құраған, 2021 жылға қарай 24%-ға дейін қысқарды. Іс жүзінде төмендеу бағытында 2012 жылдың деңгейінен де төмен түсті.

2-диаграмма. 2010-2021 жж. есепті кезеңнің соңындағы (желтоқсан) Ұлттық қор активтері




Дереккөз: Ұлттық Банк

Бұл ретте, 12 жыл ішінде (2010-2021 жылдар аралығында) шамамен 31,9 трлн. теңге игерілді, бұл мұнай секторындағы ұйымдардан түсетін тікелей салық түсімінен (30,7 трлн. теңге) 1,3 трлн. теңгеге дерлік асып түсті.

Іс жүзінде Ұлттық қордан трансферттерді бөлу мүмкіндігі өткен жылдардың жинақтарының, соның ішінде 77,7%-ын бағамдық айырмадан түскен кіріс құрайтын инвестициялық кірістердің есебінен туындаған.

3-диаграмма. 2010-2021 жылдардағы тікелей мұнай түсімдерінің көлеміне қатысты Ұлттық қор қаражатының пайдаланылу серпіні


млн. тенге



Дереккөз: Қаржы министрлігі

4-диаграмма. 2010-2021 жж. бағамдық айырманы ескергендегі мұнайдан тікелей түсімдер мен инвестициялық кіріс

млн. тенге



Дереккөз: Ұлттық Банк


Ұлттық қордан қаражат негізінен бюджетті нақтылаған кезде бөлінеді, сондықтан олардың тиісті қаржы жылында әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізуге ықпал ету мүмкіндігі шектеулі.

Ұлттық қордың экономиканың дамуы кезеңінде инфляциялық өсуді болдырмау мақсатында мұнай кірістерін жинақтай (мұнайдың бағасы жоғары болған кезде) отырып, оның қаражатының құлдырау кезеңдерінде экономиканы қолдауға бағытталатынын көздеген бастапқыдағы мақсаты бұрмаланған.

Іс жүзінде Ұлттық қордан трансферттерді бөлу экономиканың даму циклдерін есепке алмай жүзеге асырылды. Экономикалық өсу кезінде Ұлттық қордың белсенді пайдаланылуы атап өтілді, ал одан қаражатты алудың негізділігі тек 2015-2016 және 2020 жылдары ғана байқалды.

Болжауға болмайтын геосаяси жағдай, жарияланған жасыл экономикаға және төмен көміртектегі стратегияға көшу жағдайында қолайлы кезеңде жинақталған мұнай жинақтарын бейберекет жұмсаудың осындай тәжірибесін жалғастыру Ұлттық қордың сарқылуына барлық алғышарттарды жасайды.

5-диаграмма. Елдің 2010-2021 жылдардағы экономикалық дамуымен салыстырғандағы Ұлттық қордан бөлінген трансферттер



Дереккөз: Қаржы министрлігі, Ұлттық статистика бюросы

Дүниежүзілік банктің деректеріне сәйкес, әлемдік ЖІӨ-нің 80%-дан астамы тиесілі 60-тан астам ел таяу арадағы онжылдық ішінде көміртегі бейтараптығына жетуге ниет білдірді (мысалға, Еуропалық Одақ елдері, Оңтүстік Корея 2050 жылға қарай, Қытай, Ресей елдері 2060 жылға қарай). Ресейге қатысты санкциялармен байланысты геоэкономикалық дағдарыс аясында бұл ниет үдемелі түрде іске асырылады деп күтілуде.

■ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптасуы мен пайдалануына сәйкестік аудитін ұйымдастыру және жүргізуді шетел тәжірибесімен салыстыру

Қазіргі күні Есеп комитетінің Ұлттық қордың қаражаттарының қалыптастыруы мен пайдалануына жүргізіп жүрген мемлекеттік сәйкестік аудиттеріне қарамастан, дипломдық жұмыс негізінде бірнеше мәселелер мен олардың шешу жолдарын және шетел тәжірибесі негізінде Ұлттық қорға мемлекеттік сәйкестік аудитін жетілдіру жолдарын ұсынамыз.

Қорға аудит жүргізу барысында:

- ▶ Республиканың Ұлттық қорын басқару бойынша түсетін инвестициялық кірістері бойынша;
- ▶ Республиканың меншіктерін жекешелендіруден түсетін түсімдері бойынша;
- ▶ Еліміздің Ұлттық қорын басқаруға кететін шығындар пәні бойынша әдіснамасы жоқтығын атап өтуге болады.

Осы инвестициялар бойынша бірнеше елдердің қорларын зерттеу барысында Кувейт мемлекетінің мемлекеттік аудит бюросы қордың әрбір кіші инвестициялық қызметінің атап айтқанда «жеке акционерлік капитал мен тікелей инвестициялар аудиті» және «жеке акционерлік капитал аудиті» бөлімдері бойынша келесідей аудиторлық рәсім бойынша аудиттеледі.

Сонымен қатар, қорларға арналған арнайы стандарттар немесе арнайы рәсімдер әзірлеу барысында Кувейт мемлекеті инвестиция бойынша рәсімдер, ал Ресей Федерациясы өздерінің бюджеттен тыс қорларына арналып жасалған арнайы стандарттарымен көзге түседі (3-кесте).

3-кесте. Егемен қорларына аудит жүргізу бойынша арнай рәсімдері бар елдер

| | |
|---|--|
| Жоғары мемлекеттік аудит органы / Егемен қоры | Тәуелсіз қорларға аудит жүргізу үшін арнайы әдіснаманың болуы |
| Кувейт. Мемлекеттік аудиторлық бюро (The State Audit Bureau) | 2005 жылғы Инвестициялар аудиті жөніндегі нұсқаулық |
| Ресей Федерациясы. Ресей Федерациясының Есеп палатасы | Арнайы әдістемелік құжаттар қарастырылған: «Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың бюджеттерін қалыптастырудың алдын ала аудиті» стандарты «Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджеттерінің атқарылуын кейіннен бақылау» стандарты |
| <i>Ескерту: дереккөздер негізінде автормен құрылған [14,15]</i> | |

Ресей Федерациясының «204 Ресей Федерациясының мемлекеттік бюджеттен тыс қорларының бюджеттерін қалыптастырудың алдын-ала аудиті туралы» 2014 жылғы 5 қыркүйекте бекітілген стандарты мемлекеттік аудитті жүзеге асырудың мақсаттарын, міндеттерін, мәні мен объектілерін, бюджеттен тыс қорлардың қалыптасуына алдын ала аудиттің негізгі кезеңдерін, сонымен қатар аудиттің сипаттамалары мен ережелерін қамтиды [16].

Ал, «205 Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджеттерінің атқарылуына кейінгі бақылау туралы» 2014 жыл 7 наурыздағы редакциясы мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджеттерінің атқарылуын кейіннен бақылау стандарты қорлар аудитін жүргізуде кірістер бойынша жарналар салық және басқа да міндетті төлемдердің заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын, шығыстар бойынша қор қаражатын пайдалануды тексереді [17].

Осылайша Ресей елінде егеменді қорларға жыл сайын мемлекеттік аудиті жүргізіледі. Аудит барысында сәйкестік мәселелері қарастырылады, сондай-ақ тиімділікке де баға беріледі. Аудит жүргізу барысында тек егеменді қорлардың қаражатын қалыптастыру және пайдалануына ғана емес олардың қаражатын орналастыруға және қорларды басқаруға қатысты да жүргізіледі. Және де көршілес Ресей Федерациясы жеке сол қорларға арналған әдістемелік стандарттар әзірлейді және сол стандарттар негізінде егеменді қорларға мемлекеттік сәйкестік аудитін жүргізеді. Ресей Федерациясының мемлекеттік бюджеттен тыс қорларының бюджеттерін қалыптастырудың алдын-ала аудитін жүргізеді, сонымен бірге, аталған алдын-ала аудитті жүргізу жөнінде стандарттар және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджеттерінің атқарылуына кейінгі бақылау жүргізіледі және олар үшін де жеке стандарттар қарастырылған. Көршілес ел секілді Республикамыздың Ұлттық қорына алдын-ала аудит және де оның атқарылуынан кейінгі аудитті жүргізу тәжірибесіне сүйенсек болады.

■ Қорытынды

Ұлттық қорға сәйкестік аудитін жүргізу еліміздің мемлекеттік бақылау функцияларының нығайтын оның қаражаттарын пайдалы бағыттар бойынша ұқыпты пайдалану бойынша, экономиканың көптеген нәтижелерге қол жеткізуін, сонымен бірге, ел экономикасының қаржылық тұрақтандыруын және мемлекеттік ресурстарды басқару сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді. Ұлттық қордың қаражаттарын қалыптастыру және пайдалануына сәйкестік аудитін жүргізу мемлекеттік ресурстарды ұқыпты пайдалану оны басқарудың тиімділігінің арттырудың бір тәсілі болып табылады. Алайда, аталған нормативтік-құқықтық актілер базасында толықтырулар жүргізе отырып, қордың қаражаттарын заңнамаларға сәйкес қалыптастыру мен пайдалану арқылы ұлттық ресурстарымызды ұқыпты пайдалана және оларды тиімді басқара аламыз.

Қорытынды жасай отырып, сәйкестік аудитінің мақсаттарына қол жеткізуде, оның нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын орындау арқылы Ұлттық қор қаражаттарының

қалыптасуы мен пайдалануына бағалау жүргізе алады. Ұлттық қор – бұл жинақтау және тұрақтандыру функцияларын жүзеге асыруы арқылы экономиканы дамытуға және экономиканың сыртқы қолайсыз факторларына тәуелділігін төмендетеді. Сонымен бірге, болашақта Ұлттық қор қаражаттарын қалыптастыру мен пайдаланудың сәйкестік аудитін қор қызметінің алдына қойылатын мақсаттары мен міндеттерін назарға ала отырып, аудит жүргізуді жетілдіру үшін аталған мәселелерді шешу арқылы жетілдіре аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекеттік аудит: Оқулық / Алибекова Б.А., Мухаметкәрім А.М., Тажикенова С.К., Зейнельгабдин А.Б., Жаңбыршин К.Е. редакциясымен. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018. – 360б.
2. Rozanov A. Who holds the wealth of nations? / A. Rozanov // Central Banking Journal, May, 2005. – Volume XV. – Number 4. – p. 52-57
3. Харрод Р.Ф. К теории экономической динамики / Р.Ф. Харрод. - М.: Гелиос АРВ, 1999. – с.168
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 402 Жарлығы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы». – [Электронды ресурс]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000402_#z0
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы N°385 Жарлығы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы». – [Электронды ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000385>
6. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің ресми сайты. – [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=kk>
7. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің 2015 жылғы 12 қарашадағы N°392-V Заңы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы». – [Электронды ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
8. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы N°5-НҚ «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы» НҚ. – [Электронды ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647>
9. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N°95 – IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі». – [Электронды ресурс]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_
10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N°65 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы қаулысы. – [Электронды ресурс]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V060004361_
11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 мамырдағы N°474 Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларын бекіту туралы қаулысы. – [Электронды ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000474>
12. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 30 шілде 2020 жылы «Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» N°6-НҚ нормативтік қаулысы. – [Электронды ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647#z20>
13. Жоғары қаржылық бақылау органдарының халықаралық стандарттары. – [Электронды ресурс]. URL: <https://www.eurosai.org/ru/training/training-events-and-outputs/-ISSAI/>
14. Зейнельгабдин А.Б., Карыбаев А.А.-К., Жамышева С.А., Алпысбаев Т.А., Байжанов Ж.Ж., Кожаметов Р.М. «Исследование передовой международной практики особенностей планирования и проведения аудита соответствия с разработкой методологического руководства, протестированного на основе пилотного проекта»
15. Зейнельгабдин А.Б., Карыбаев А.А.-К., Кулмурзинова Г.А., Кожаметов Р.М., Хусаинова Ж.К. «Исследование международной практики планирования и проведения аудита формирования и использования средств национального фонда с разработкой методологического руководства»
16. Ресей Федерациясының 2014 жылы 5 қыркүйегіндегі Есеп палатасымен бекітілген «204. Ресей Федерациясының мемлекеттік бюджеттен тыс қорларының бюджеттерін қалыптастырудың алдын ала аудиті» (23.04.2019 жылы редакцияланған). – [Электронды ресурс]. URL: <https://legalacts.ru/doc/sga-204-standart-vneshnego-gosudarstvennogo-audita-kontrolja/>
17. Ресей Федерациясының 2010 жылы 26 қарашада Есеп палатасымен бекітілген «205. Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар бюджеттерінің атқарылуын кейінгі бақылау туралы» хаттамасы (23.04.2019 жылы редакцияланған). – [Электронды ресурс]. URL: <https://legalacts.ru/doc/sga-205-standart-vneshnego-gosudarstvennogo-audita-kontrolja/>

REFERANCES:

1. Memleketik audit: Oqulyq / Alibekova B.A., Muhametkärım A.M., Tajikenova S.K., Zeinelgabdin A.B., Jañbyrşin K.E. redaksiyasymen. – Astana: L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ultiqy universiteti, 2018. – 360B.

2. Rozanov A. Who holds the wealth of nations? / A. Rozanov // Central Banking Journal, May.2005. – Volume XV. – Number 4. – r. 52-57
3. Harrod R.F. K teorii ekonomicheskoi dinamiki / Harrod R.F. - M.: Gelios ARV, 1999. – s.168
4. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2000 jylǵy 23 tamyzdaǵy N 402 Jarlyǵy «Qazaqstan Respublikasynyń ǘlttyq qory turaly». – [Elektrondy resurs]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000402_#z0
5. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń 2016 jylǵy 8 jeltoqsandaǵy № 385 Jarlyǵy «Qazaqstan Respublikasy ǘlttyq qorynyń qarajatyn qalyptastyru jáne paidalanu tújyrymdamasy turaly». – [Elektrondy resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000385>
6. Qazaqstan Respublikasynyń Qarjy Ministrліginiń resmi saity. – [Elektrondy resurs]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=kk>
7. Qazaqstan Respublikasynyń Qarjy Ministrліginiń 2015 jylǵy 12 qaraşadaǵy № 392-V Zańy «Memlekettik audit jáne qarjylyq baqylau turaly». – [Elektrondy resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
8. Respublikalyq búdjettiń atqaryluyn baqylau jónindeǵy Esep komitetiniń 2016 jylǵy 31 nauryzdaǵy №5-NQ «Syrtqy memlekettik audittiń jáne qarjylyq baqylaudyń rásimdik standarttaryn bekitu turaly» NQ. – [Elektrondy resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647>
9. Qazaqstan Respublikasynyń Qarjy Ministrліginiń 2008 jylǵy 4 jeltoqsandaǵy №95 –IV «Qazaqstan Respublikasynyń Búdjjet kodeksi». – [Elektrondy resurs]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095_
10. Qazaqstan Respublikasynyń ǘlttyq Bankı Basqarmasynyń 2006 jylǵy 25 şildedeǵy N 65 Qazaqstan Respublikasy ǘlttyq qorynyń investisialyq operasialaryn júzege asyru qaǵıdalaryn bekitu turaly qaulysy. – [Elektrondy resurs]. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V060004361_
11. Qazaqstan Respublikasy ǘkimetiniń 2013 jylǵy 8 мамыrdaǵy № 474 Qazaqstan Respublikasy ǘlttyq qorynyń jyl saıynǵy syrtqy auditin júrgizu úşin auditorlyq úıymdy tańdau qaǵıdalaryn bekitu turaly qaulysy. – [Elektrondy resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000474>
12. Respublikalyq búdjettiń atqaryluyn baqylau jónindeǵy Esep komitetiniń 30 şilde 2020 jyly «Syrtqy memlekettik audit jáne qarjylyq baqylau júrgizu qaǵıdalaryn bekitu turaly» №6-NQ normativtik qaulysy. – [Elektrondy resurs]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013647#z20>
13. Joǵary qarjylyq baqylau organdarynyń halyqaralyq standarttary. – [Elektrondy resurs]. URL: <https://www.eurosai.org/ru/training/training-events-and-outputs/-ISSAI/>
14. Zeinelgabdin A.B., Karybaev A.A.-K., Jamyşeva S.A., Alpysbaev T.A., Baijanov J.J., Kojahmetov R.M. «İssledovanie peredovoi mejdunarodnoi praktiki osobenostei planirovania i provedenia audita sootvetstvia s razrabotkoi metodologicheskogo rukovodstva, protestirovannogo na osnove pilotnogo proekta»
15. Zeinelgabdin A.B., Karybaev A.A.-K., Kulmurzinova G.A., Kojahmetov R.M., Husainova J.K. «İssledovanie mejdunarodnoi praktiki planirovania i provedenia audita formirovania i ispolzovania sredstv nasionálnogo fonda s razrabotkoi metodologicheskogo rukovodstva»
16. Resei Federasiasynyń 2014 jyly 5 qyrküiegindeǵy Esep palatasymen bekiłgen «204. Resei Federasiasynyń memlekettik búdjjetten tys qorlarynyń búdjjetterin qalyptastyruıdyń aldın ala auditı» (23.04.2019 jyly redaksialanǵan). – [Elektrondy resurs]. URL: <https://legalacts.ru/doc/sga-204-standart-vneshnego-gosudarstvennogo-audita-kontrolja/>
17. Resei Federasiasynyń 2010 jyly 26 qaraşada Esep palatasymen bekiłgen «205. Memlekettik búdjjetten tys qorlar búdjjetteriniń atqaryluyn keingi baqylau turaly» hattamasy(23.04.2019 jyly redaksialanǵan). – [Elektrondy resurs]. URL: <https://legalacts.ru/doc/sga-205-standart-vneshnego-gosudarstvennogo-audita-kontrolja>

ПРОВЕДЕНИЕ АУДИТА СООТВЕТСТВИЯ ЦЕЛИ СОЗДАНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО ФОНДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Жанәділ А.О.^{1*}

магистрант
Евразийский национальный
университет им. Л. Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: aidana.zhanadil@gmail.com

Ракаева А.Н.¹

к.э.н., ассоциированный профессор
Евразийский национальный
университет им. Л. Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: rakaeva@yandex.kz

Аннотация: В рамках создания комплексной системы государственного аудита на основе передового мирового опыта Счетному комитету по контролю за исполнением республиканского бюджета (далее – Счетный комитет) переданы функции органов внешнего государственного аудита с сохранением действующих функций и последующим их усилением. В настоящее время им разработаны подзаконные нормативные правовые акты, формирующие методологическую основу государственного аудита. Повышение эффективности управления фондами благосостояния в странах с развитой рыночной экономикой достигается путем проведения финансового контроля и аудита результативности расходов при их использовании. Национальный фонд занимает большое место в экономической системе страны, так как Национальный фонд считается частью бюджетной системы. Поэтому необходимость изучения теоретических и практических аспектов проведения аудита соответствия по формированию и использованию средств Национального фонда является весьма актуальной. Однако на сегодняшний день в стране не сформирована специальная методологическая база для проведения аудита формирования и использования средств Национального фонда.

На основе анализа, действующего международного и отечественного законодательства авторы делают свои выводы по проведению аудита использования целевых трансфертов и других расходов, выделяемых по использованию Национального фонда. Он также проанализировал данные, изложив текущее состояние Национального фонда, и отметил причины изменения.

Ключевые слова: Национальный фонд, государственный аудит, финансовый контроль, трансферты, аудит соответствия

AUDIT OF COMPLIANCE WITH THE PURPOSE OF CREATION AND USE OF THE NATIONAL FUND OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Zhanadil A.O!¹*

Master's student

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: aidana.zhanadil@gmail.com

Rakayeva A.N!¹

Candidate of Economics, associate professor

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: rakaeva@yandex.kz

Abstract: As part of the creation of a comprehensive system of state audit based on the best international experience, the Accounting Committee for Control over the Execution of the Republican Budget (hereinafter- the Accounting Committee) transferred the functions of external state audit bodies with the preservation of existing functions and their subsequent strengthening. Currently, he has developed subordinate regulatory legal acts that form the methodological basis of the state audit. Improving the efficiency of wealth fund management in countries with developed market economies is achieved by conducting financial control and auditing the effectiveness of expenditures when using them. The National Fund occupies a large place in the economic system of the country, since the National Fund is considered part of the budget system. Therefore, the need to study the theoretical and practical aspects of conducting an audit of compliance with the formation and use of funds of the National Fund is very relevant. However, to date, the country has not formed a special methodological basis for conducting an audit of the formation and use of funds of the National Fund.

Based on the analysis of the current international and domestic legislation, the authors draw their conclusions on the audit of the use of targeted transfers and other expenses allocated for the use of the National Fund. He also analysed the data, outlining the current state of the National Fund, and noted the reasons for the change.

Keywords: National fund, state audit, financial control, transfers, compliance audit